

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы теңіз сауда кеме қатынасы саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 28 қаңтар N 66

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1997 жылғы 10 маусымда Алматы қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы теңіз сауда кеме қатынасы саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының
Үкіметі арасындағы Теңіз сауда кеме қатынасы саласындағы
ынтымақтастық туралы
Келісім

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2000 ж., N 1, 13-құжат)
(1999 жылғы 11 ақпанда күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,
Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 79 бет)

Бұдан әрі "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі теңдік, өзара тиімділік және өзара көмек принциптеріне сәйкес теңіз сауда кеме қатынасы саласындағы екі ел арасындағы қарым-қатынастарды нығайтуға және дамытуға тілек білдіре отырып, төмендегілер ж ө н і н д е к е л і с т і :

Осы Келісімнің мақсаттары үшін:

1. "Уағдаласушы Тараптың кемесі" термині осы Уағдаласушы Тараптың кеме реестріне немесе басқа тиісті ресми тізбесіне енгізілген және оның заңдары мен құқықтық ұсынымдарына сәйкес осы Уағдаласушы Тараптың жалауы астындағы кез келген сауда кемесін білдіреді. Алайда бұл терминге:

а) әскери кемелер мен коммерциялық емес мақсатта

пайдаланылатын азаматтық кемелер;

б) спорттық кемелер мен серуендік яхталар кірмейді.

2. "экипаж мүшесі" термині капитанды және рейс кезінде бортта кемені пайдалануға немесе ондағы қызмет көрсетуге байланысты міндеттерді орындаумен айналысатын және кеме рөліне енгізілген адамды білдіреді.

3. "порттар" термині шетелдік кеме қатынасы үшін ашық порттар мен кемелерге қызмет көрсету үшін ресми рұқсат етілген пункттерді білдіреді.

4. "құзыретті органдар" термині:

Қазақстан Республикасы тарапынан - Көлік және коммуникация министрлігін;

Әзірбайжан Республикасы тарапынан - Каспий теңіз параход шаруашылығын білдіреді.

2-бап

Уағдаласушы Тараптар осы Келісімге сәйкес сауда теңіз жүзуінің еркіндігіне барлық жәрдемді көрсететін болады және халықаралық кеме қатынасының дамуына зиян келтіруі мүмкін кез келген іс-әрекеттерден тартынатын болады.

3 - б а п

1. Уағдаласушы Тараптар сондай-ақ тең құқықтық және өзара тиімділік принциптерін басшылыққа ала отырып, екі жақты сауда кеме қатынасының дамуына жәрдем көрсететін болады.

2. Екі жақты сыртқы сауда жүктерін тасымалдауларда Уағдаласушы Тараптар олардың фрахталық, кеме қатынасы және кеме қатынасына байланысты кәсіпорындары мен ұйымдары арасындағы тығыз ынтымақтастыққа жәрдемдесетін болады.

4 - б а п

1. Уағдаласушы Тараптар:

а) Уағдаласушы Тараптар кемелеріне олардың елдерінің порттары арасындағы теңіз тасымалдауларына қатысуына жәрдемдесуге, сондай-ақ паромдық тасымалдаулардың әрі қарай дамуына жәрдемдесуге;

б) олардың елдерінің порттары арасындағы тасымалдаулардың дамуын қиындатуы мүмкін кедергілерді жоюда ынтымақтасуға;

в) бір Уағдаласушы Тарап кемелерінің екінші Уағдаласушы Тараптың порттары және үшінші елдер порттары арасындағы тасымалдауларға қатысуына кедергі жасамауға келісті.

2. Осы баптың ережелері үшінші елдер кемелерінің Уағдаласушы Тараптар порттары арасындағы тасымалдауларға қатысу құқығын қозғамайды.

5 - б а п

Уағдаласушы Тараптар олардың аумақтарындағы қолданыстағы ұлттық заңдарға сәйкес бір Уағдаласушы Тараптың кеме қатынасы немесе кеме қатынасына байланысты кәсіпорындары мен коммерциялық ұйымдарына, екінші Уағдаласушы Тарап мемлекеті аумағында олардың порттарына/порттарынан желілер ашуына, сондай-ақ олардың екінші Уағдаласушы Тарап аумағында өкілдіктер немесе бірлескен кәсіпорындар құруына қажетті жәрдем көрсетеді.

6 - б а п

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тарап кемелеріне порттарға еркін кіруге, айлақтарда орын беруге порттарды жүктер тиеу және түсіру жолаушыларды отырғызу және түсіру үшін пайдалануға, кемелік және басқа порттық алымдарды төлеуге және теңіз кеме қатынасы үшін арналған қызмет көрсетулерді пайдалануға қатысты өз кемелеріне беретіндей режим береді.

2. Әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тараптың теңіз кеме қатынасы кәсіпорны пайдаланатын үшінші елдердің жалауы астындағы кемелерге, егер бұл оның халықаралық келісімдерден шығатын міндеттемелеріне немесе тиісті құқықтық ұсынымдарына қайшы келмесе, осы баптың 1-тармағында көзделген режимді береді.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының күші:

а) шетел кемелерінің кіруі үшін ашық емес порттар мен порттар бөліктеріне т а р а т ы л м а й д ы ;

б) әрбір Уағдаласушы Тараптың, атап айтқанда каботажды, сондай-ақ құтқаруды, тіркеп тартуды, порттық қызмет көрсетулерді, суға батқан кемелерді көтеруді, міндетті лоцмандық желілеуді, теңіздегі көмек және әрбір Уағдаласушы Тараптың мемлекет

егемендігі және ұлттық юрисдикциясы аймағында балық аулауды қоса алғанда өз кәсіпорындары мен ұйымдары үшін қор жинау іс-әрекетіне қолданылмайды.

7 - б а п

Әрбір Уағдаласушы Тарап өзінің ұлттық заңдары мен порттық ережелер шеңберінде теңіз тасымалдауларын жеңілдету және жеделдету үшін кемелерді тоқтатуға қажеттіліктен тумаған және порттардағы кедендік және басқа да нысаншылдықты жүзеге асыруды барынша жеделдету және жеңілдетуге барлық шараларды қабылдайды.

8 - б а п

1. Уағдаласушы Тараптардың біреуі берген немесе мойындайтын және кеме бортындағы кеме құжаттарын екінші Тарап та мойындайтын болады.

2. Бір Уағдаласушы Тараптың 1969 жылғы Кемелерді өлшеу жөнінде халықаралық конвенцияға сәйкес тиісті тұрғыда кемелерді өлшеу туралы берген құжаттармен жабдықталған кемелері екінші Уағдаласушы Тараптың порттарында қайтадан өлшеуден босатылады. Бұл құжаттар порттық алымдарды есептеу кезінде негізге алынатын болады.

9-бап

Әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тараптың құзыретті өкіметтері берген теңізшінің жеке басы куәлігінің иелеріне осы келісімнің 10 және 11-баптарында көрсетілген құқықтарды береді.

Теңізші куәлігі деп:

Қазақстан Республикасына қатысты - теңізші паспорты;

Әзірбайжан Республикасына қатысты - теңізші кітапшасы түсініледі.

10-бап

1. Теңізшінің жеке басы куәлігінің иесіне:

а) осы куәлікті берген Уағдаласушы Тарап кемесі экипажының мүшесі ретінде кемеңің екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің портында болуы кезінде визасыз жағаға түсуіне және порттық қалада ондағы қолданыстағы ережелерге сәйкес уақытша

б о л у ғ а ;

б) екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің портында құзыретті өкіметтің рұқсатымен, ол экипаж мүшесі ретінде жұмысын бітірген соң өз кемесін тастап кете алады, сол Уағдаласушы Тараптың кеме қатынасы кәсіпорны пайдаланатын басқа кемеге кеме экипажының мүшесі ретінде жұмысқа кірісе немесе осы кемемен жаңа жұмыс орнына бару үшін сол портта немесе басқа портта өзге кемеге ауыса алады.

2. Бір Уағдаласушы Тараптың құзыретті өкіметтері екінші Уағдаласушы Тараптың аумағына науқастануына байланысты ауруханаға Жеткізілген экипаж мүшесіне емделуіне қажетті сол елде болуына рұқсат етеді.

3. Осы Баптың 1 және 2-тармақтары тиісінше кеме бортында қызметтік міндеттерін атқаратын және олар экипаж мүшелерінің тізіміне (кеме рөліне) енгізілген жағдайда экипажға жатпайтын адамдарына қатысты қолданылады.

1 1 - б а п

Осы Келісімнің 9-бабында аталған, бір Уағдаласушы Тарап берген теңізшінің жеке басы куәлігінің иелері өзінің кемесіне келуі, отанына қайтып оралуы мақсатында немесе осы Уағдаласушы Тараптың заңдары мен ережелерін сақтай отырып, екінші Уағдаласушы Тараптың құзыретті өкіметтері үшін жарамды кез келген басқа да мақсатта екінші Уағдаласушы Тараптың аумағына келе алады немесе оның аумағы а р қ ы л ы ж ү р е а л а д ы .

1 2 - б а п

Осы Келісімнің 10 және 11-баптарының ережелері Әзірбайжан Республикасының да , Қазақстан Республикасының да азаматы болып табылмайтын, бірақ 1965 жылғы Халықаралық теңіз кеме қатынасын жеңілдету жөніндегі конвенцияның ережелеріне және оның Қосымшасына немесе Теңізшілердің жеке басының ұлттық куәліктері туралы Халықаралық еңбек ұйымының N 108 Конвенциясының ережелеріне сәйкес келетін теңізшінің жеке басы куәлігіне ие кез келген адамға қолданылады. Мұндай жеке бас куәлігін тиісті Конвенцияның қатысушысы болып табылатын Мемлекет беруге және оның иесіне куәлікті берген елге қайтып оралуына кепілдік етуі тиіс.

1 3 - б а п

1. Осы Келісімнің 9-12-баптары екі Уағдаласушы Тараптың да шетелдіктердің келуіне, болуына және кетуіне байланысты ережелерін қозғамайды.

2. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы өзі жағымсыз деп тапқан адамдардың өз аумағына келуіне және өз аумағында болуына рұқсат бермеу құқығын сақтайды.

1. Бір Уағдаласушы Тараптың сот билігі орындары екінші Уағдаласушы Тарап кемесінің экипажы ретінде жұмысқа жалдау шартынан туындайтын талаптарды қарауға қ а б ы л д а м а й т ы н б о л а д ы .

2. Бір Уағдаласушы Тарап кемесінің бір экипаж мүшесі кеменің екінші Уағдаласушы Тарап портында болған кезінде осы кеме портында құқық тәртібін бұзған болса, осы екінші Тараптың өкіметтері жалау мемлекетінің құзыретті консулдық немесе дипломатиялық лауазымды адамының келісімінсіз оны заң бойынша қудаламайтын болады, бұған аталған өкімет орындарының пікірінше мына жағдайлардан б а с қ а с ы қ о с ы л м а й д ы :

- а) құқық бұзу салдары кеме тұрған мемлекет аумағында таралатын жағдайда;
- б) ол арқылы осы мемлекетте қоғамдық тәртіп немесе оның қауіпсіздігі бұзылатын құқықтық тәртіп бұзу болған жағдайда;
- в) осы кеме экипажының мүшесі болып табылмайтын кез келген адамға қарсы құқықтық тәртіп бұзу болған жағдайда;
- г) қудалаушылық есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды заңсыз сатуды болдырмау үшін қажетті болған жағдайда.

3. Осы Баптың 2-тармағында аталған жағдайларда жағалаудағы мемлекет, қандай да бір шара қолданылғанға дейін капитанның өтініші бойынша жалау мемлекетінің дипломатиялық немесе консулдық лауазымды адамын хабардар етеді және аталған лауазымды адам мен кеме экипажының арасында байланыс орнатылуына жәрдемдеседі . Уақыт аса тығыз болған жағдайда бұл мәлімдеме аталған шаралар қабылданып жатқан к е з д е - а қ ж а с а л у ы м ү м к і н .

Егер Уағдаласушы Тараптардың біреуінің кемесі екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің жағалауларында қайраңға отырған, апатқа ұшыраған немесе кемесі қираған жағдайда онда кеме, оның экипажы, жолаушылары және жүгі осы екінші Уағдаласушы Тарап осындай жағдайда өзінің кемесіне, оның экипажына, жолаушылары мен жүгіне беретін осындай артықшылықтарымен және жеңілдіктерімен п а й д а л а н а т ы н б о л а д ы .

Апатқа ұшыраған немесе кемесі қираған жағдайда кемеден құтқарылған заттарға, егер бұл заттар елдің ішінде пайдалануға немесе тұтынуға арналмаған болса ешқандай да к е д е н д і к б а ж с а л ы қ т а р ы с а л ы н б а й т ы н б о л а д ы .

Экипажды, мүлікті, жүкті құтқару жөніндегі операциялар Уағдаласушы Тарап мемлекетінің тиісті ұлттық заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

1 6 - б а п

Уағдаласушы Тараптар 1978 жылғы Хаттамамен (МАРПОЛ 73/78) өзгертілген, 1973 жылғы "Теңіздің кемелерден ластанбауын болдырмау жөніндегі" Халықаралық конвенцияға сәйкес теңізге өз кемелерінен балластық, фекальдық, тұрмыстық, сланецтік және өзге де тазартылмаған суларды төгуге тыйым салу жөнінде шаралар қ а б ы л д а й т ы н б о л а д ы .

1 7 - б а п

1. Уағдаласушы Тараптар кеме қатынасы мәселелерімен айналысатын олардың өкіметтері арасындағы тиімді іскерлік қатынастарды қолдау және дамыту жөнінде өз күш-жігерлерін жұмсауды жалғастыра беретін болады, сондай-ақ олардың тиісті кәсіпорындары мен ұйымдары арасындағы байланыстарды дамытуды, атап айтқанда, м ы н а д а й м а қ с а т т а р д а :

- а) теңіз-сауда флоты мен порттарын тиімді пайдалану, экономикалық және ғылыми-техникалық байланыстарды кеңейту және тәжірибе алмасу;
- б) теңіз көлігі бойынша халықаралық шарттардағы қызметіне байланысты пікірлер а л м а с у .

2. Осы Баптың 1-тармағында көрсетілген мақсаттарды жүзеге асыру үшін және осы Келісімнің қолданылуына бақылау жасау үшін осы Келісімнің қолданылуынан туындайтын өзара мүдделі мәселелерді, атап айтқанда, екі жақты сауда кеме қатынасы мәселелерін, сондай-ақ халықаралық теңіз-кеме қатынасының жалпы мәселелерін талқылайтын аралас комиссия құрылады.

3. Аралас комиссия Уағдаласушы Тараптардың біреуінің өтініші бойынша жиналады. Аралас комиссияның әрбір мәжілісіне арналған күн тәртібі кеме қатынасы мәселелерімен айналысатын құзыретті органдар арасындағы келісім бойынша б е л г і л е н е д і .

1 8 - б а п

Уағдаласушы Тараптардың олар жасасқан халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін осы Келісім қозғамайды.

1 9 - б а п

1. Осы Келісім Уағдаласушы Тараптар қажетті ішкі мемлекеттік процедураларды

орындағаны туралы жазбаша мәлімдемелер алмасқан күннен бастап күшіне енеді.

2. Осы Келісім күшіне енгеннен кейін 3 жыл бойы қолданылады және егер

осы Келісім қолданысының мерзімі біткенге дейін 6 ай бұрын Уағдаласушы Тараптардың біреуінен оның бұзылатыны туралы жазбаша мәлімдеме түспейтін болса, 1 жыл мерзімге келесі кезеңге өздігінен ұзартылады.

Алматы қаласында 1997 жылғы 10 маусымда екі түпнұсқа данада, әрқайсысы қазақ, әзірбайжан және орыс тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық мәтіннің де күші бірдей. Қазақ және әзірбайжан мәтіндерінде алшақтық туған жағдайда орыс мәтіні негізге алынады.

Қазақстан Республикасының Әзірбайжан Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Қасымбеков Б.